

Ауылдық елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын (жоспарларын) әзірлеу, келісу, бекіту және беру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару Агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 16 қазандағы N 185-П бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 23 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5866 болып енгізілді.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 14, 149 және 150-баптарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ауылдық елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын (жоспарларын) әзірлеу, келісу, бекіту және беру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау және мемлекеттік жер кадастры департаменті осы Бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының орынбасары К.Ә. Райымбековке жүктелсін.

4. Осы Бұйрық алғаш рет реңми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ө. Өзібеков

Қазақстан Республикасы
Жер ресурстарын басқару
агенттігі төрағасының
2009 жылғы 16 қазандағы
N 185-П бұйрығымен
бекітілген

Ауылдық елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын (жоспарларын) әзірлеу, келісу, бекіту және беру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 14, 149 және 150-баптарына сәйкес әзірленді және ауылдық елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын (жоспарларын) әзірлеуді, келісүді, бекітуді және беруді (бұдан әрі - жоба) нақтылайды.

2. Нұсқаулықтың мақсаты жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жүргізілетін жобаларды әзірлеуді бірыңғай тұрғыда қамтамасыз ету.

2. Жобаны әзірлеу

3. Жобаларды әзірлеуді ұйымдастыруды ауылдық елді мекен орналасқан жер бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы жүзеге асырады.

4. Жобаларды әзірлеуді жерге орналастыру жұмыстарын орындағайтын азаматтар және заңды тұлғалар (бұдан әрі - жобаны әзірлеуші) жүзеге асырады.

Ескеrtу. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2012.01.20 № 12-ОД (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйырығымен.

5. Жобаны әзірлеу келесі жүйеліліктे жүргізіледі:

- 1) дайындық (камералдық және далалдық) жұмыстары;
- 2) жобаны құру.

6. Камералдық дайындық жұмыстары:

1) жер-кадастрық деректерді, аумақты орналастыру жөніндегі ұсыныстарды, елді мекендердің шегін белгілеу, Қазақстан Республикасының Ауыл аумақтарын дамыту мемлекеттік бағдарламасының материалдарын, елді мекен аумағын сипаттайтын басқа да деректерді зерделеу және жинау кіреді;

2) құрылыштар салынған аумаққа масштабы 1:2000 және 1:5000 қажетті жоспарлы-картографиялық негіздерді таңдал алу. Елді мекеннің құрылыш салынбаған бөлігіне масштабы 1:10000, 1:25000 негізді пайдалануға болады.

7. Далалық дайындық жұмыстар барысында елді мекен құрылышының (селитебті аумағы) аумақ мөлшерлері, оның көлемінің ұлғаю мүмкіндігі және қажеттілігі;

ұжымдық бағандық және бақша шаруашылығы, жеке малды жаю, шаруа қожалықтары және ауыл шаруашылық кәсіпорындары үшін берілген жер участеклерінің аландары және орналасуы;

ауыл шаруашылық алқаптарының сапалық жағдайының (жағымсыз қасиеті жок, тұзданған, эрозияға ұшыраған, бұлінген, ластанған, батпақтанған жерлер) сипаттамалары;

пайдаланылмайтын аумақтардың болуы (бос жатқан жерлер, қираған орындар, резервтік аумақтар және басқа жерлер);

елді мекендер аумағын орналастыруды жетілдіру;

құрылыш салуға, қара және тұсті металдарды, ағаш өңдеу және басқа да материалдарды жинау, сақтау және өңдеу (сорттау, пакеттеу, кесу және басқа) қоймалар (пункттер) орналастыру үшін, ауыл шаруашылық және басқа да мақсаттар үшін жерді резервте;

ұстай ауыл шаруашылық алқаптарын жақсарту, жерді қорғау жөніндегі ұсыныстар анықталады.

8. Далалық дайындық жұмыстардың қорытындысы бойынша жоспарлы-картографиялық материалдары (сызбалар) қосылған ауылдық елді мекендердің далалық зерттеу актісі, осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

9. Ауылдық елді мекендердің далалық зерттеу актісінде не сыйбада елді мекен жерінің жалпы ауданы, нақты пайдаланылуы, резервте ұстау үшін белгіленетін аумақтар, сондай-ақ жерді жақсарту және қорғау жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі.

10. Жобаның құрамында келесі жұмыстар:

1) елді мекенниң шекараларын (шегін) анықтау;

2) нысанды мақсаты және пайдалану режимі бойынша аумақты аймаққа бөлуді жүргізу;

3) аумақтарды орналастыру іс-шараларды өзірлеу:

тұрғын, қоғамдық-іскерлік, өндірістік және ортақ пайдаланудағы жерлерді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді;

көлік, байланыс, инженерлік коммуникацияларды;

су айдындары және су қүзет белдеулері мен қорғау аймақтары, гидротехникалық және басқа су шаруашылығы құрылыштарымен қамтылған;

ауыл шаруашылықта пайдаланылатын, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықты дамыту үшін;

крематорийлер, мал қорымы, тұрмыстық қалдықтар тастау орындарын және өзге де объектілерді орналастыру үшін бөлінетін арнайы мақсаттағы баска да жерлерді;

4) ауылдық елді мекенниң аумақтық дамуы үшін резервте ұстауға белгіленетін жер участеклерін анықтау жүргізіледі.

11. Ауылдық елді мекендердің аумағын орналастыру санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы, қала құрылышының нормалары мен ережелерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы алқаптарын ұтымды пайдалану бойынша іс-шараларды ескере отырып жүзеге асырылады.

Жобаға барлық атқарылған жұмыстар бойынша толық түсіндірме жазба қоса беріледі.

3. Жобаны келісу, бекіту және беру

12. Әзірленген жоба он жұмыс құні мерзіміне дейін ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі, сәулет және қала құрылышы тиісті органдары, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтер әкімдерімен келісіледі.

13) Келісілген жоба жеті жұмыс құні мерзімінде ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының шешімімен тиісті ауданың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органына бекітуге енгізіледі.

14. Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы бекітілген жобаның көшірмесін жобаны әзірлеушіге, ауылдық (селолық) округ әкіміне, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) сәulet және қала құрылышы органына жібереді. Бір данасы ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органында қалады. Бекітілген жобаның түпнұсқасы ауданың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органына беріледі.

Ауылдық елді мекендер аумағын
жер-шаруашылық орналастыру
жобаларын (жоспарларын) әзірлеу,
келісу, бекіту және беру
жөніндегі нұсқаулығына қосымша

Нысан

Далалық зерттеу актісі

20 __ жылғы " __ " _____ облысы
 _____ ауданының _____ селолық
 (ауылдық) округі _____ ауылдық
 елді мекені
 Жобаны әзірлеушімен _____
 (ұйымның атауы)
 жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеу мақсатында _____

елді мекен аумағына далалық зерттеу жүргізілді.

Нәтижесінде анықталды:

Елді мекендердегі жер алқаптарының атауы	Алаңы гектармен
1	2
1) Жердің жалпы ауданы, оның ішінде:	
егістік	
көп жылдық екпелер	
тыңайған жерлер	
шабындықтар	
жайылымдар	
бақшалар	
барлық ауыл шаруашылық алқаптары	
орман аландары	
ағашты-бұталы екпелер	
батпақтар	
су асты	
каналдар, коллекторлар	
алаңдар, жолдар, көшелер астындағы	

парктердің, скверлер, бульварлар астындағы	
құрылыштар асты	
бүлінген жерлер	
басқа да жерлер	
2) Елді мекен жерлерінің нақты пайдаланылуы:	
тұрғын құрылышы	
қоғамдық-іскерлік құрылыш	
ортак пайдаланудағы	
ерекше корғалатын табиғи аумақтар	
су күзет белдеулері	
су корғау аумақтары	
ауыл шаруашылықта пайдаланудағы	
3) Елді мекенниң аумақтық дамуы үшін резервте ұстауға белгіленетін аумақтар:	

Елді мекен жерлерін қорғау мен пайдалануын жақсарту бойынша
алдын ала ұсыныстар: _____

Ұйымның басшысы-жобаны әзірлеуші:

(Аты-жөні, лауазымы ұйымның атауы) Қолы мен ұйымның мөрінің орны